

ЖЕРОРТА ТЕҢІЗІНДЕГІ МИГРАНТТАР ДАҒДАРЫСЫ: ЗАҢСЫЗ БОСҚЫНДАР ТУРАЛЫ КЕЛІСІМНІҢ ЫҚПАЛЫ

2019 жылдың 15 наурызында Сирияда Башар Асадтың отставкаға кетуін талап еткен шерушілерге қарсы шабуылдың себебінен азаматтық соғыстың басталғанына 9 жыл толды. Үкімет пен оппозиция күштерінің арасындағы қақтығыстың күшеюі миллиондаған сириялықтардың елді тастап кетуіне мәжбүрледі. Қазіргі таңда 13,2 миллион адам немесе соғысқа дейінгі 2011 жылғы халық санының 60%-ы қоныс аударған. Соның ішінде 6,6 миллион Сирияның қауіпсіз аймақтарына көшірілсе, 5,68 миллионы босқын ретінде шетелден баспана іздеген және 1 миллионға жуық тұрғын Еуропаға заңсыз көшіп кеткен. Сириядағы соғыс II Дүниежүзілік соғыстан кейінгі тарихтағы ең үлкен көші-қон ағынының орын алуына себеп болды. Біріккен Ұлттар Ұйымы Босқындар істері жөніндегі Жоғарғы Комиссарының мәліметтері бойынша, 2019 жылдың наурыз айынан бастап, шетелге қоныс аударған сириялықтардың басым көпшілігі көрші елдерден баспана іздеген. Түркия 3,651,635 адамды қабылдаса, Ливан сәйкесінше 946,291 адам, Иордания 670,238, Ирак 253,085 және Мысыр 132,165 адам қабылдаған.

2011 жылы қақтығыс басталғанымен, көптеген сириялық мигранттардың Түркия-Грекия бағытымен Еуропаға жетуі себебінен көші-қон ағынының саны 2015 жылы ең жоғары деңгейге жетті. Еуропаға көшіп келушілердің басым бөлігі 2015 жылдан бастап 2016 жылдың сәуіріне дейінгі уақыт аралығында 856,723 адамды құраған. Тұрақты емес көші-қон ағымдарын тоқтату үшін Еуропа Одағы (ЕО) мен Түркия көптеген келіссөздер жүргізіп, нәтижесінде 2016 жылдың 19 наурызында түрік жағалауынан Грекия шекарасына дейін көші-қон ағынын азайтуға және мигранттарды алмастыруға бағытталған Түркия-ЕО Босқындар келісіміне қол жеткізді. Мәміле күшіне енгеннен кейін түрік билігі босқындардың Грекияға Түркия-Грекия бағыты арқылы заңсыз жетуіне көмектесетін Түркия жағалауларын бақылауды күшейтіп, келушілердің саны айтарлықтай қысқарды. Еуропаға қарай негізгі бағыттың жабылуына байланысты мигранттар Орталық Жерорта теңізі маршруты ретінде белгілі, басқаларынан қауіптірек Ливия-Италия бағытына бет бұруға мәжбүр болды. Олар бір онжылдық ішінде екінші азаматтық соғысты бастан өткеріп жат-

қан қақтығыс ішіндегі басқа бір ел – Ливияны кесіп өтуге тиіс жағдайға қалды. Ливиядағы тұрақсыздық мәселесінен бөлек, Орталық Жерорта теңізі бағытындағы теңіз жолдары Шығыс Жерорта теңізі жолдарымен салыстырғанда қауіптірек болып табылады. Бұл қауіп Ливия мен Италия әскери күштерінің теңіз флоты патрульдерінің құрығына ілінбеу үшін кішкене үрмелі қайықтарды қолдануына және қашықтықтың ұзақ болуына байланысты. Сол себептен де осы бағыт бойынша өлім жағдайы көбірек орын алады. Мәселен, 2016 жылы Орталық Жерорта теңізінде 4,578 адам өлді немесе із-түссіз жоғалды деп тіркелсе, Шығыс Жерорта теңізі бағытындағы бұл көрсеткіш 441 адамды құраған. Жерорта теңізінің екі жағалауы арқылы 2018 жылы келушілердің саны айтарлықтай төмендеуіне байланысты, өлген және жоғалған адамдардың саны Жерорта теңізінің Орталық бөлігіне дейін 1,279 адамға, Шығыс бөлігінде 187 адамға төмендеген. Ливия-Италия бағыты бойынша келушілер санының азаюына бірқатар себептерді атап өтуге болады. Біріншіден, екі ел арасындағы көші-қон ағынын шектеуге қатысты екіжақты ынтымақтастық белгілі бір нәтиже берді. Италия үкіметі ливиялық жағалау күштерін күшейту, босқындар лагерлерін құру және заңсыз көші-қон ағындарын азайтуға бағытталған жұмыстарды нығайту үшін Ливия тарапына 220 миллион евро аудару туралы шешім қабылдады. Егер босқындар Ливияның жағалау суларында қолға түссе, олар Ливияға қайтарылады, ал егер олар халықаралық суларда ұсталса халықаралық заңдарға сәйкес олар Италияға қайтарылуы керек. Алайда, көші-қон ағынын төмендетуге негізгі ықпал, Триполи үкіметінің Ливиядағы адам контрабандасының негізгі орталықтарының бірі болып табылатын Сабрата қаласының бас контрабандашыларының бірі әл-Амму (Аға) деген атпен белгілі әл-Даббашимен келісімге келуінен кейін артты. Мәміле жасалғаннан кейін, Италияға келгендер саны 2017 жылдың маусым айындағы 22,993-тен алты есеге төмендеп, 2017 жылдың тамызында 3,914-ке жетті, келесі айларда бұл көрсеткіш 1000 адам шамасында тұрақталды.

Соңғы кезде Еуропа жеріне заңсыз жолмен қоныс аударуға тырысқан босқындар Еуропаға жету үшін бір бағытты екіншісіне өзгертуге мәжбүр болды. Сонымен

қатар, олардың әрекеттері көптеген еңбек мигранттары мен кедейшіліктен қашқан адамдарға Ливия-Италия бағытындағы заңсыз жолмен Еуропаға жетуді сынап көруге мүмкіндік берді. Алайда, Түркия-ЕО және Ливия-Италия келісімдері заңсыз мигранттар үшін негізгі бағытты бөгең, оларды әр түрлі жолдарға бағыттайды, бірақ заңсыз көші-қон мәселесін не тоқтата алмады, не шеше алмады.

Гибралтар арқылы Еуропаға жетуді көздеген мигранттар үшін негізгі бағыттардың бірі –Испания. 2018 жылы Испанияға бас сауғалағандар саны 58,569-ға жетті, бұл 2017 жылға қарағанда 36,466 адамға немесе 2,6 есе көп. Тағы бір бағыт – Грекияны кіру нүктесі ретінде пайдаланып, Балқан елдері арқылы Еуропаның Батыс бөлігіне жетуге тырысу. Қаңтар 2017-2019 жж. кезеңінде транзиттік елдер тарапынан ұсталған заңсыз мигранттарға қатысты көрсеткіштерге сәйкес, Хорватия мен Босния және Герцеговинада тұтқындалғандардың саны ең жылдам артқан. Хорватияда тұтқындалғандардың саны 2017 жылдың қаңтарында 225-ті құрап, 2019 жылдың қаңтарында 731-ге дейін өсті. Ал Босния және Герцеговинада бұл көрсеткіш 237-ден 711-ге дейін артты. Сонымен қатар, Сербия, Словения, Солтүстік Македония және Черногория елдерінде де бұл көрсеткіштер жылдан-жылға артып келеді.

Заңсыз көші-қон ағымының басым бөлігі Орталық Жерорта теңізі арқылы өтетінін ескерсек, сириялық босқындардың негізгі жету нүктесі өз порттарын үкіметтік емес ұйымдардың гуманитарлық құтқару кемелеріне жауып тастаған Италия болып отыр. Мысалы, Италия үкіметі 629 мигрантты тасыған «Аквариус» кемесін өз портында қабылдаудан бас тартқан. Бұл оқиға ЕО-ға мүше елдердің порттарына келіп жатқан заңсыз мигранттарды қабылдауда жүйелі тәсіл қажет екендігін көрсетті. Дегенмен, 2018 жылдың маусым айында Испания құл кемеінің Валенсия портында қабылдады. Алайда, көші-қон ағынының Италиядан Испанияға қарай өзгеруіне байланысты, испан үкіметінің осы сынды оқиғаларға деген көзқарасы өзгерді. Испанияға Гибралтар арқылы босқындар көшінің қарқынды артуы және 2019 жылдың мамыр айында өтетін сайлаудың нәтижелері Испания үкіметінің шешімдеріне әсер етеді деп айтуға болады.

Саясат, сыртқы қатынастар және қауіпсіздік

- Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ұлттық телеарналарда Қазақстан халқына арнаған үндеуінде өзінің отставкаға кететінін мәлімдеді. Ол Қазақстанның Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы болып қала береді. Конституцияға сәйкес, Парламент Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Президенті лауазымына тағайындалып ант қабылдады. Тоқаевтың ұсынысы бойынша ел астанасы Астана Нұрсұлтан Назарбаевтың құрметіне Нұр-Сұлтан деп өзгертілді.
- АҚШ Мемлекеттік департаменті, АҚШ-тың Қазақстан тұңғыш президентінің екі ел арасындағы «тұрақты және қарқынды қарым-қатынастарды қалыптастыру мен дамытуға» қосқан үлесін терең бағалайтынын мәлімдеді. Вашингтон, қазіргі Қазақстанды қалыптастырудағы Назарбаевтың рөлін және оның жаһандық мәселелердегі көшбасшылығын мойындай отырып, АҚШ-Қазақстан стратегиялық әріптестігін тереңдету үшін Президент Тоқаевпен жұмыс істеуге дайын екенін білдірді.
- Жаңа Зеландияның Крайстчерч қаласында 50 гигабат етуші каза тапқан екі мешітке қарсы террорлық шабуылдардан кейін Түркия Ыстамбұлдағы Ислам Ұнтымақтастығы Ұйымының атқарушы комитетінің төтенше министрлер кеңесін шақырды. Кеңес барысында мұсылман халықтары әлемдегі нәсілшілдік пен ксенофобияның белең алуын айыптап, Исламофобияға қарсы күресте қатаң халықаралық іс-әрекеттер жасауға шақырды.
- Түркменстанға жасаған мемлекеттік сапары барысында Бахрейн Королі Хамад бен Иса Әл Халифа ел президенті Гурбангулы Бердімұхамедовпен кездесті. Келіссөздердің қорытындысы бойынша тараптар көлік, электр энергиясы, мәдениет, білім, туризм және спорт, сондай-ақ екі елдің орталық банкітері арасында ынтымақтастық орнату туралы бірқатар екіжақты үкіметаралық құжаттарға қол қойды.
- Мәскеуде ҰҚШҰ Тұрақты кеңесінің отырысы өтті. Тараптар ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің 2019-2021 жылдарға арналған БҰҰ-ның Жаһандық терроризмге қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі ұжымдық іс-қимыл жоспарының жобасын қарастырып, қабылдады. Сондай-ақ ҰҚШҰ-ның Дағдарыс қарсы әрекет ету орталығының ақпараттық өзара іс-қимылы туралы ережені бекітті.
- Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстанның әскери қызметкерлері Екатеринбургте өткен бірлескен командалық-штабтық жаттығуға қатысты. Орталық Азия аймағындағы гипотетикалық дағдарыс жағдайын шешуге бағытталған сценарийге сәйкес, жаттығуға қатысушылар лаңкестік топтармен күресуде әскери бөлімдерді бірлесіп жоспарлау мен қолдану бойынша тәжірибе жинақтады.
- Беларусь-Ресей. Аймақтық күштерді топтастыру жөніндегі бірлескен командасы екі елден тұратын Одактас мемлекеттік әскери қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған штабтық жаттығулар өткізді. Өзара әрекеттестікті нығайтуға бағытталған жаттығуға Өуе күштері, Өуе қорғанысы қызметкерлері мен жедел топтары, арнайы операциялар және аумақтық қорғаныс бөлімшелері, сонымен қатар Белоруссияның орталық мемлекеттік органдарының өкілдері қатысты.

Экономика, қаржы және энергия

- Тәжікстанға сапары барысында Ресейдің бірінші вице-премьері Антон Силуанов Президент Эмомали Рахмонмен кездесті. Тараптар сауда-экономика жөніндегі үкіметаралық комиссиясының сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайтудағы рөлімен қатар, экономикалық байланыстарды кеңейтуге бағытталған екі жақты келісімдерді жүзеге асыру мәселелерін талқылады. Атап айтқанда, Рахмон Тәжікстан өнімдерінің Ресей нарығына кіру механизмін жеңілдетуді ұсынды.
- Сеулде Қазақстан-Корея үкіметаралық сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық ынтымақтастық комиссиясының 8-ші отырысы өтті. Тараптар екі елдің экономикалық және инвестициялық байланыстарын кеңейтуге өзара қызығушылықтарын білдіре отырып, өнеркәсіп, энергетика, жер қойнауын пайдалану, көлік, құрылыс, ауыл шаруашылығы, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, ғылым, денсаулық сақтау және білім беру сияқты салаларда екіжақты ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылады.
- Өзбекстанның Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша, Оңтүстік Корея өзбек азаматтары үшін 2019 жылы жұмысқа орналасу квотасын 2018 жылғы 3,100-ден 3,200-ге дейін көбейтті. Өзбекстан - Оңтүстік Кореяның шетелдік және жергілікті жұмысшыларға тең құқық беретін жұмысқа орналасуға рұқсат беру жүйесінің мүшесі.
- Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы (ОПЕК) Бақылау комитеті мен ОПЕК-ке кірмейтін елдердің 13-ші министрлік кездесуінде тараптар мұнай нарығының ағымдағы жағдайы мен проблемаларын, сондай-ақ, мұнай бағасын тұрақтандыру жөнінде атқарылуы тиіс іс-шараларды талқылады. Сонымен қатар, Ирак, Қазақстан, Нигерия және Біріккен Араб Әмірліктері ОПЕК Бақылау комитетінің мүшесі болды.
- BP компаниясы және Өзербайжанның SOCAR Мемлекеттік мұнай компаниясы Өзбекстандағы Арал теңізінің су айдынындағы екі инвестициялық блокқа геологиялық барлау мүмкіндіктері туралы ұсынар мен консультациялар жүргізді. 2018 жылдың мамыр айында «Өзбекмұнайгаз», BP компаниясы және SOCAR компаниясымен өзбек мұнай-газ кен орындарын бірлесіп ашу және дамыту мүмкіндігін қарастыру үшін екі ынтымақтастық меморандумына қол қойған болатын.
- Yıldırım энергетика холдингі және SOCAR энергетика өнеркәсібі және сауда компаниясы сынды екі Түрік компаниясы Өзбекстанда табиғи газбен жұмыс істейтін екі аралас циклді электр станциясын салады. Қуаттылығы 900 МВт болатын бірінші зауыттың Сурхандария облысында, қуаттылығы 240 МВт болатын екінші зауыттың Бұхара облысында салынатыны жоспарланып отыр.
- Халықаралық валюта қорының деректері бойынша, 2019 жылы Қырғызстан экономикасының өсу қарқыны 2018 жылғы 3,5%-дық көрсеткіштен асып, 3,8%-ды құрайды деп күтілуде. Сонымен қатар, инфляция деңгейі 2018 жылғы 1,5%-дан өсіп 2,2%-ға жетеді және бюджет тапшылығының ЖІӨ-дегі үлесі 2018 жылғы 1,3%-дан жоғарылап 3,4%-ды құрайды деп күтілуде.

Қоғам және мәдениет

- Халықаралық Түркі Академиясының (TWESCO) Ғылыми кеңесі Бішкекте кезекті кездесуін өткізді. Кеңес мүшелері 2018 жылы академия аясында өткен іс-шараларды және 2019 жылға арналған жоспарларды қарастырып, 2019 жылы түркі әлемінің маңызды күндерінің тізімін бекітті және білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады.
- Өзбекстанның Жоғары және орта арнайы білім министрлігі мен Elsevier елдегі жоғары оқу орындарының рецензияланатын ғылыми журналдарының платформасын құру туралы стратегиялық келісімге қол қойды. Жоба аясында Elsevier Өзбекстанның ғылыми-зерттеу журналдарының сапасын жақсартуға және өзбек ғылымының сандық мұрағатын қалыптастыруға мүмкіндік беретін «екі жақты соқыр рецензиялау» әдісін қолданатын бірегей платформа құрастырылады.
- Ұлыбританияның Лафборо Университетінде Орталық Азия зерттеулері мен тұрақты даму бойынша II Ғылыми-зерттеу форумының бірінші кезеңі өтті. Ұлыбританияның Қазақстандағы PhD докторанттар қауымдастығы ұйымдастырған форум барысында қазақстандық жас ғалымдар Орталық Азия аймағындағы тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған ғылыми жобаларын ұсынды.
- Қазақстандық әйелдер ұйымдары «ARUANA Әйелдер құрылтайы» деп аталатын бірлестікті құрды. Үкіметтік емес ұйым басшыларынан құралған аталмыш ұйым, әйелдердің, отбасылар мен балалардың өзекті мәселелерінің тізімін жасақтау, олардың реттелуіне бағытталған ұлттық бағдарламаларды талдау және оларды іске асырудың ортақ механизмдерін жасау және сондай-ақ, өмірлік маңызды мәселелерді шешуге кеңес беру орталықтарын ашу арқылы көмектесетін болады.
- Түркияның Kanimed Alles Sag'lik Cozumleri A.S компаниясы Өзбекстанның Наманган облысының Учкурған ауданында заманауи гемодиализ орталығын және диагностикалық зертханасын құруды жоспарлап отыр. Аталмыш компания қазіргі таңда Сурхандария облысындағы Термез қаласында диагностикалық зертхана орталығын құру бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр.
- Ресей Федерациясының Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша, соңғы 10 жылда елде туберкулездің себебінен болған өлім саны 67,6%-ды құрап, 2008 жылы 100 мың адамға 17,9 жағдай көрсеткішінен 2018 жылы 100 мыңға 5,8-ге дейін төмендеген. Төмендеу көрсеткішінің орташа жылдық деңгейі 15%-ды құрағанымен, Ресейде өлім-жітім деңгейі Еуропа мен Америка Құрама Штаттарына қарағанда әлі де жоғары деңгейде.
- Наурыз мерекесінің құрметіне орай Әзірбайжан мен Түркменстан басшылары Илхам Алиев пен Гурбангулы Бердімұхамедов амнистия жариялады. Әзірбайжанда 399 адам жазасын өтеуден босатылса, 32 адамның жазасы жеңілдетілді. Түркменстанда 2,028 тұтқын амнистияға ілігіп, жергілікті билікке олардың болашақта жұмысқа орналасуына қамқорлық жасау тапсырылды.